

№1 өзгерістер мен толықтырулармен (18.10.2024 ж. №107 Бұйрық)

## **"Standard" өнімі бойынша микрокредит беру және заттарды кепілге қою туралы шарт**

### **1. Шарт жасасу**

1.1. Осы "Standard" өнімі бойынша микрокредит беру және заттарды кепілге қою туралы Шарт Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабында көзделген тәртіппен жасалатын қосылу шарты болып табылады, оның талаптары осы стандартты нысанда айқындалған (бұдан әрі - Шарт) және «GoldFinMarket Ломбарды» ЖШС, оның филиалдары/бөлімшелері (бұдан әрі - Ломбард) және Қарыз алушы, Кепіл беруші (бұдан әрі – Қарыз алушы және / немесе Кепіл беруші) арасындағы қарым-қатынасты реттейді.

1.2. Шарт Ломбард пен Қарыз алушы/Кепіл беруші арасында шартқа №1 қосымша Кепіл билетіне (бұдан әрі – Кепіл билеті) қол қою арқылы жасалады.

1.3. Шарттың талаптары микрокредит алуға Ломбардқа өтініш берген барлық Қарыз алушылар, жеке тұлғалар үшін бірдей және Қарыз алушы шартқа тұтастай, толық көлемде қосылу жолымен ғана қабылдауы мүмкін, онымен Қарыз алушы сөзсіз келіседі. Қарыз алушының шарттарды қабылдауы (шартқа қосылу) Қарыз алушының Кепіл билетіне қол қоюы және ұсынуы, оны Ломбардпен қабылдауы арқылы көрсетіледі – осыдан кейін осы Шарт, сөзсіз, Ломбард пен Қарыз алушы/Кепіл беруші арасында жасалған болып есептеледі.

1.4. Егер Ломбардта Шартқа сілтеме жасай отырып, Қарыз алушы қол қойған Кепіл билеті болса, Қарыз алушы Шартта өзінің қолының жоқтығына Шарт оқылмағанының/түсінілмегенінің/қабылданбағанының дәлелі ретінде сілтеме жасай алмайды.

1.5. Осы Шарт, оған енгізілген өзгерістер және/немесе осы Шарттың өзгертілген редакциялары интернет желісіндегі ломбардтың ресми веб-сайтында [www.lombard-gfm.kz](http://www.lombard-gfm.kz) мекенжайы бойынша орналастырылады.

1.6. Шартқа барлық қосымшалар, Ломбард қабылдаған Кепіл билеттері және оның қосымшалары, Шарттың ажырамас бөлігі және шарт жасасу фактісін растайтын құжаттар болып табылады және бірыңғай құжатты құрайды.

### **2. Шарттың жалпы талаптары**

2.1. Шарт жасалған күн Тараптардың Кепіл билетіне қол қойған күні болып табылады.

2.2. Ломбард – "GoldFinMarket" Ломбарды" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ("GFM" Ломбарды) ЖШС), БСН: 230140025888.

2.3. Қарыз алушы/Кепіл беруші - Ломбардпен Шарт жасасқан, жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүліктің кепілімен микрокредит алған, бір мезгілде Шарт бойынша Кепіл беруші болып табылатын және алынған ақшаны, оның ішінде сыйақыны және микрокредит бойынша басқа да төлемдерді қайтару жөніндегі міндеттемелерді өзіне қабылдайтын жеке тұлға. Қарыз алушының/Кепіл берушінің Аты-жөні, ЖСН, жеке басын куәландыратын құжаттың деректері Кепіл билетінде көрсетіледі.

2.4. Микрокредит сомасы (микрокредит нысанасы), микрокредит бойынша артық төлем сомасы, микрокредитті пайдалану мақсаты туралы мәліметтер (бар болса), Қарыз алушы көрсеткен Кепіл билеті негізінде Ломбард айқындайды.

2.5. Микрокредитті өтеу мерзімі Қарыз алушының Кепіл билетінде айқындалады.

2.6. Микрокредит бойынша сыйақы мөлшері, сондай-ақ жылдық тиімді сыйақы (микрокредиттің нақты құнының) мөлшері Шарт жасалған күнге есептеледі және Қарыз алушының Кепіл билетінде айқындалады.

2.7. Микрокредитті өтеу тәсілі: біржолғы немесе бөліп, қолма – қол ақшамен Ломбард бөлімшелерінің кассасы арқылы не электрондық терминалдар арқылы, қолма-қол ақшасыз тәсілмен, Кепіл билетінде көрсетілген банк шотының деректемелеріне аудару арқылы.

Қолма-қол ақшасыз тәсілмен Ломбардтың банктік шоттарына аудару арқылы Шарт бойынша төлем күні Ломбард, шотына ақша түскен күн болып есептеледі. Егер ақша Астана қаласының уақыты бойынша сағат 18.00-ге дейін, дүйсенбіден жұмаға дейін Ломбард шотына түссе, мереке күндерінен басқа, мұндай төлем ағымдағы күні Қарыз алушы жасаған болып есептеледі.

Егер Шарт бойынша төлем Астана қаласының уақыты бойынша сағат 18.00-ден кейін Ломбард шотына түссе, мұндай төлем келесі жұмыс күні жасалды деп танылады.

2.8. Микрокредитті өтеу әдісі: аннуитеттік, сараланған әдіс немесе икемді өтеу әдісі, Қарыз алушы таңдаған Кепіл билеті негізінде анықталады.

2.9. Микрокредит сомасын қайтару және (немесе) Шарт бойынша сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшері мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасының 0,5 (нөл бүтін оннан бес) % - нан аспауға тиіс.

2.10. Шарт бойынша Қарыз алушы жүргізген төлемнің сомасы, егер ол Шарт бойынша Қарыз алушының міндеттемесін орындау үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Қарыз алушының берешегін өтеуге мынадай кезектілікпен жіберіледі: 1) Ломбардтың орындауды алу бойынша шығындары; 2) Шартта айқындалған мөлшерде тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл); 3) сыйақы бойынша берешек; 4) негізгі қарыз бойынша берешек; 5) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін есептелген сыйақы; 6) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін негізгі борыштың сомасы.

2.11. Қарыз алушы, Шартқа сәйкес микрокредитті қайтару жөніндегі міндеттемелерді, микрокредит бойынша сыйақыны, Ломбардтың шығындары мен басқа да шығыстарын өтеу бойынша, сондай-ақ өзге де міндеттемелерді орындау үшін кепілмен қамтамасыз ету ретінде қабылдау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзіне меншік құқығымен тиесілі жылжымалы мүлікті (бұдан әрі – Кепіл нысанасы) береді.

2.12. Қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған кезде Ломбард қабылдайтын шаралар:

- микрокредитті өтеу мерзімі өткен күннен кейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кейін кепіл мүлкін соттан тыс өткізуді жүргізу;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес кепіл мүлкін өндіріп алу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе осы Шартта көзделген өзге де шараларды қабылдау.

2.13. Шарттың қолданылу мерзімі. Шарт Тараптардың Қарыз алушының кепіл билетіне қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және Тараптар өзіне қабылдаған міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылады.

2.14. Қарыз алушы Ломбардтың Шарт талаптарын өзгертуден бас тарту туралы шешімін алған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннің ішінде немесе өзара тиімді шешімге қол жеткізілмеген жағдайда Шарттың талаптарын өзгерту туралы өзара тиімді шешімге қол жеткізілмеген жағдайда, бірмезгілде ұйымға хабарлай отырып, Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға жүгінуге құқылы.

2.15. Ломбардтың пошталық мекенжайы: 160000, Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Шаяхметов көшесі, 3/2 құрылыс;

2.16. Ломбардтың электрондық поштасы: [info@gfm.kz](mailto:info@gfm.kz)

2.17. Ломбардтың ресми интернет-ресурсы: [www.lombard-gfm.kz](http://www.lombard-gfm.kz)

2.18. Қарыз алушының тіркелген жерінің не тұрғылықты жерінің мекенжайы.

2.19. Ломбард Шарт бойынша құқықты (талап етуді) үшінші тұлғаға берген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында кредитордың Қарыз алушымен шарт шеңберіндегі өзара қарым-қатынастарына қойылатын талаптар мен шектеулер Қарыз алушының құқық (талап ету) берілген үшінші тұлғамен құқықтық қатынастарына қолданылатынын көздейтін талапты қамтиды.

### **3. Қарыз алушының құқықтары**

3.1. Микрокредиттер беру Қағидаларымен, микрокредиттер беру жөніндегі Ломбард тарифтерімен танысу.

3.2. Алынған микрокредитке шартта белгіленген тәртіппен және талаптармен иелік ету.

3.3. Ломбардқа Шарт бойынша берілген микрокредит сомасын мерзімінен бұрын немесе ішінара қайтаруға, микрокредитті мерзімінен бұрын немесе ішінара өтегені үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлемеуге.

3.4. Егер негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс немесе мереке күніне түскен жағдайда, негізгі борышты және (немесе) сыйақыны, тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлемей, одан кейінгі жұмыс күні төлеуге.

3.5. Шарты бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алу басталған және (немесе) жазбаша нысанда не шартта көзделген тәсілмен шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алудың туындау себептері, кірістері және шарт талаптарына өзгерістер енгізу туралы оның өтінішіне негіз болатын, оның ішінде төменде көрсетілгендерге байланысты басқа да расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтер бар өтініш берген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Ломбардқа бару:

- Шарт бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендету жағына қарай өзгерту арқылы;
- негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыру арқылы;
- берешекті өтеу әдісін немесе берешекті өтеу кезектілігін өзгерту, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтеу;
- микрокредит мерзімін өзгерту арқылы;
- мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіру, микрокредит бойынша тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) кешіру арқылы;
- кепілге қойылған мүлікті Ломбардқа беру жолымен Шарт бойынша міндеттемені орындаудың орнына шегініспен ұсыну арқылы жүзеге асырылады.

3.6. Ломбард Шарт талаптарын өзгертуден бас тарту туралы шешімін алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн немесе Шарт талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген кезде, Ломбардты бір мезгілде хабардар ете отырып Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға жүгінуге.

3.7. Ломбард қарыз алушымен жасалған шарт бойынша "Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – заң) 9-1-бабының 4 және 5-тармақтарында көрсетілген тұлғамен келіспеушіліктерді реттеу үшін құқықты (талапты) берген жағдайда банк омбудсманына жүгінуге құқылы.

3.8. Көрсетілетін қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Ломбардқа жазбаша жүгінуге болады.

3.9. Өз құқықтарын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қорғауға.

3.10. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

#### **4. Ломбард Құқықтары**

4.1. Шарт талаптарын Қарыз алушы үшін оларды жақсарту жағына қарай бір жақты тәртіппен өзгерту.

4.2. Қарыз алушы микрокредиттің кезекті бөлігін қайтару және (немесе) сыйақы төлеу үшін белгіленген мерзімді 40 (қырық) күнтізбелік күннен астам бұзған кезде микрокредит сомасын және ол бойынша сыйақыны мерзімінен бұрын қайтаруды талап ету.

4.3. Микрокредит бойынша берешекті, нотариустың атқарушылық жазбасы негізінде өндіріп алу.

4.4. Қарыз алушының келісімінсіз Заңның 9-1-бабының 4 және 5-тармақтарында көрсетілген тұлғаға микрокредит беру туралы Шарт бойынша құқықты (талапты) беру;

4.5. Ломбард ғимараттарында Қарыз алушыны және оның құжаттарын, соның ішінде, жеке басын куәландыратын құжаттарды, кепілмен қамтамасыз етуді, кепілмен қамтамасыз етуге құқық белгілейтін құжаттарды (бар болған жағдайда), Қарыз алушының жеке деректерін жинау мен

өңдеуді жүзеге асыру үшін, сондай-ақ микрокредитті рәсімдеу және кредиттік досье қалыптастыру үшін фото және бейнетіркеуін жүргізу.

4.6. Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

## **5. Қарыз Алушының міндеттемелері**

5.1. Алынған микрокредитті қайтаруға және ол бойынша Шартта белгіленген мерзімде және тәртіпте сыйақы төлеу.

5.2. Заңға сәйкес Ломбард сұраған құжаттар мен ақпаратты ұсыну.

5.3. Шарт бойынша Ломбард алдындағы қаржылық міндеттемелерді, барлық басқа қаржылық міндеттемелерге қарағанда, бірінші кезектегі тәртіппен орындау.

5.4. Ломбардқа микрокредит сомасын қайтару жөніндегі шығындарды өтеу.

5.5. Кепіл билетінде көрсетілген Тегі, Аты, Әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), жеке басын куәландыратын құжаттардың, тұрғылықты жерінің, заңды мекенжайының, жұмысының, телефон нөмірінің, электрондық пошта мекенжайының өзгергені туралы Ломбардқа алдын ала немесе өзгерістерден кейін күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде жазбаша хабарлау.

5.6. Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында және Ломбардпен жасалған Шартта көзделген өзге де міндеттерді орындау.

## **6. Ломбард міндеттемелері**

6.1. Шарт бойынша Ломбард құқығының (талап ету) үшінші тұлғаға өту талаптары (бұдан әрі - талап ету құқығын басқаға беру шарты) қамтылған Шартты жасасу кезінде, Қарыз алушыны (немесе оның уәкілетті өкілін) хабардар етуге:

- талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалғанға дейін құқықтардың (талаптардың) үшінші тұлғаға өту мүмкіндігі туралы, сондай-ақ басқаға беруге байланысты, Қарыз алушының дербес деректерін осы Шартта көзделген тәсілмен не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен өңдеу туралы;

- микрокредит өтеу бойынша одан әрі төлемдердің үшінші тұлғаға (шарт бойынша құқық (талап ету) өткен тұлғаның атауы және орналасқан жері) тағайындалуын көрсете отырып, талап ету құқығын басқаға беру Шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде осы Шартта көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен үшінші тұлғаға құқықтың (талап ету) ауысуы туралы, құқықтардың (талаптардың) толық көлемін, сондай-ақ негізгі борыштың, сыйақының, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мерзімі өткен және ағымдағы сомаларының қалдықтарын және төленуге жататын басқа да сомаларды көрсете отырып;

6.2. Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімде, бірақ кешіктірілген күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей Қарыз алушыны хабардар етуге:

- Шарт бойынша міндеттемені орындаудың кешіктірілгендігі туралы және хабарламада көрсетілген күнге, мерзімі өткен берешек сомасын көрсете отырып, төлемдерді жүзеге асыру қажеттілігі туралы;

- Шарт бойынша Қарыз алушының Ломбардқа жүгіну құқығы туралы;

- Қарыз алушының Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары туралы;

Хабарлама, егер ол Шартта көзделген келесі әдістердің бірімен, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы борышкерге жіберілсе, жеткізілді деп есептеледі:

- Шартта көрсетілген электрондық пошта мекенжайына;

- Шартта көрсетілген тұрғылықты жері бойынша оның жеткізілгенін растай отырып тапсырыс хатпен, оның ішінде көрсетілген мекенжайда тұратын кәмелетке толған отбасы мүшелерінің бірі алған жағдайда;

- жеткізуді бекітуді қамтамасыз ететін басқа байланыс құралдарын пайдалану арқылы;

6.3. Қарыз алушының өтініші алынған күннен кейін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде шарт талаптарына ұсынылған өзгерістерді қарау және Қарыз алушыға жазбаша нысанда не Шартта көзделген тәсілмен мыналар туралы хабарлау:

- шарт талаптарына ұсынылған өзгертулермен келісетіні туралы;
- берешекті реттеу жөніндегі өзінің ұсыныстары туралы;
- бас тарту себептерінің уәжді негіздемесін көрсете отырып, шарттың талаптарын өзгертуден бас тарту туралы;

6.4. Ломбард Шартта белгіленген тәртіппен, жақсарту шарттарын қолданған кезде Шарт талаптарының өзгергені туралы Қарыз алушыны хабардар ету.

6.5. Шартқа, Тараптар қол қойған микрокредитке өтеу кестесін қоса беру.

6.6. Микрокредит беру құпиясын сақтау.

6.7. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де талаптарды сақтау.

## **7. Ломбард үшін шектеулер**

7.1. Сыйақы мөлшерлемесін (оларды төмендету жағдайларын қоспағанда) және (немесе) микрокредит өтеу тәсілі мен әдісін біржақты тәртіппен өзгерту;

7.2. Қарыз алушыдан микрокредит бойынша сыйақы мен тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоспағанда, кез келген төлемдерді белгілеу және өндіріп алу;

7.3. Ломбардқа микрокредит сомасын, тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) және микрокредитті мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін басқа да төлемдерді мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтарған Қарыз алушыдан талап ету.

7.4. Шарт бойынша микрокредит сомасын ұлғайту;

7.5. Егер негізгі борышты немесе сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түскен жағдайда тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алу және сыйақыны немесе негізгі борышты төлеу одан кейінгі жұмыс күні жүргізіледі.

7.6. Кез келген валюталық баламасына байланыстыра отырып, теңгемен берілген Шарт бойынша міндеттемелер мен төлемдерді индекстеу.

7.7. Шарт бойынша берешекті өндіріп алу үшін Қарыз алушының Шартта көрсетілген мекенжайы бойынша нотариус қызмет ететін аумаққа сәйкес емес нотариусқа атқарушылық жазба жасау туралы өтініш беру.

## **8. Міндеттемелерді бұзғаны үшін тараптардың жауапкершілігі**

8.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін кінәлі Тарап осы бұзушылыққа байланысты туындаған барлық залалдарды өтейді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес жауапты болады.

8.2. Өсімнен басқа, Ломбард Қарыз алушыдан осы Шарт бойынша Қарыз алушының міндеттемелерін орындамауынан және/немесе тиісінше орындамауынан туындаған барлық келтірілген шығыстарды және/немесе келтірілген залалдарды толық көлемде өтеуді талап етуге құқылы.

8.3. Қарыз алушы қайтыс болған жағдайда осы Шарт бойынша міндеттемелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның мұрагеріне (мұрагерлеріне) ауысады.

8.4. Осы Шарттың талаптарында көзделмеген жауапкершілік шаралары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

8.5. Тараптардың өсімпұлды төлеуі оларды осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаудан босатпайды.

## **9. Шарт талаптарына өзгерістер енгізу тәртібі**

9.1. Ломбард Шартқа, егер оларда өзгеше көзделмесе, Ломбард сайтында жарияланған күннен бастап күшіне енетін өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы.

9.2. Қарыз алушының ақшалай міндеттемелері сомасының (мөлшерінің) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруіне әкелетін микрокредит талаптарының өзгеруі жағдайында Ломбард жаңа талаптарды ескерумен жаңа қосымша келісім және микрокредиті өтеудің жаңа кестесін жасап, Қарыз алушыға береді;

9.3. Кешілмен қамтамасыз ету құрамы өзгерген кезде Ломбард жаңа шарттарды ескере отырып, қосымша келісім жасайды.

9.4. Микрокредитті мерзімінен бұрын ішінара / толық өтеу Қарыз алушыға микрокредит берілген Ломбард бөлімшелері арқылы Кепіл билеті бойынша микрокредитті өтеу күніне Ломбардқа тиесілі сыйақыны толық төлеген жағдайда және Қарыз алушы жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын көрсеткен кезде жүргізіледі.

9.5. Микрокредит бойынша кепілмен қамтамасыз етуді ішінара/толық сатып алу жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын көрсеткен кезде Қарыз алушыға микрокредит берілген Ломбард бөлімшелері арқылы жүргізіледі. Ішінара сатып алу микрокредит бойынша ішінара сатып алуды жүргізу күніне Ломбардқа тиесілі сыйақыны толық төлеген жағдайда жүзеге асырылады. Ішінара сатып алу кезінде Қарыз алушы сатып алынатын кепілді қамтамасыз ету кепілімен берілген негізгі борыш сомасын өтейді.

9.6. Осы Шартты, Кепіл билетін орындаудан біржақты бас тартуға және осы Шартты, Кепіл билетін біржақты өзгертуге және/немесе толықтыруға жол берілмейді.

## 10. Кепіл Заты

10.1. Толық сипаттамасы бар және Кепіл берушімен келісілген бағалау құны бар кепіл заты Қарыз алушының кепіл билетінде көрсетілген және Ломбардта қалады.

10.2. Кепіл беруші кепіл затына кепілдік береді және жауап береді:

- кепіл берушінің жеке мүлкі болып табылатынына;
- тыйым салынбағандығына, үшінші тұлғалардың талап-арызының нысанасы болып табылмайтындығына, ұрланбағандығына, іздестірілмегеніне.

10.3. Кепіл беруші Кепіл билеті бойынша міндеттемелерді қамтамасыз ететін кепіл нысанасын соттан тыс сатуға келісім береді.

10.4. Кепіл беруші міндетті:

- кепіл затын Ломбардқа сақтауға беруге.
- Кепіл берушіге қандай да бір үшінші тараппен тапсырылған, Ломбардқа кез келген өкімді, нұсқауды, жазбаша талапты немесе кепіл нысанасына тиетін немесе тиіп кетуі мүмкін кез келген басқа құжатты дереу ұсынуға;

- кепіл нысанасына немесе оның кез келген бөлігіне қатысты барлық міндеттемелерді сақтауға, Ломбардқа олардың орындалуын және сақталуын растаудың бірінші талабы бойынша ұсынуға.

- үшінші тұлғалар тарапынан кепіл нысанасына қол сұғушылыққа жол бермеуге және мұндай қол сұғушылықтардың алдын алу мен тоқтатуға тиісті шаралар қолдануға.

- кепіл заты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған жағдайда, алынғаннан бастап күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірілмейтін мерзімде баламалы мүлік беруге.

- мемлекеттік, оның ішінде құқық қорғау және өзге де органдардың кепілге салынған мүлікті алып қоюы және/немесе алып тастауы нәтижесінде туындаған залалды Ломбардқа даусыз тәртіппен өтеуге.

10.5. Кепіл берушінің құқығы:

- кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені орындау арқылы оны іске асырғанға дейін кез келген уақытта соттан тыс тәртіппен кепіл нысанын өндіріп алуды тоқтатуға.

10.6. Ломбардтың құқығы бар:

- Кепіл берушіден кепіл нысанасының сақталуын қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қабылдауға талап етуге;

- кез келген адамнан (оның ішінде кепіл берушіден де) оның жоғалуына немесе бүлінуіне қауіп төндіретін кепіл нысанасына кез келген қол сұғушылықты тоқтатуды талап етуге;

- кепілмен қамтамасыз етілген негізгі борышты және ол бойынша сыйақыны қайтару жөніндегі міндеттемені орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, сондай-ақ Кепіл беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған өзге де жағдайлар туындаған кезде кепіл нысанасын өз бетінше соттан тыс өткізу жолымен өз талаптарын қанағаттандыруға.

- микрокредитті өтеу мерзімі өткеннен кейін бір айдан ерте емес сауда-саттық өткізбей, Кепіл билеті бойынша кепіл затын ломбардтың меншігіне өткізуге және (немесе) ауыстыруға;

10.7. Ломбард міндетті:

- кепіл нысанын, Кепіл беруші оған сақтауға берген түрінде, барлық міндеттемелерді толық орындағанға дейін сақтауға міндетті.

- Ломбард алдындағы міндеттемелерін орындағаннан кейін кепіл затын Кепіл берушіге дереу қайтару.

- егер жоғалту немесе зақымдау еңсерілмейтін күштің салдарынан болғанын дәлелдемесе, кепілге қойылған заттардың жоғалуы мен зақымдануы үшін жауапты болу.

## **11. Қосымша шарттар**

11.1. Шартта көзделген талаптармен қатар, оларды орындау кезінде Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

11.2. "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес Қарыз алушы Ломбардтың қызмет көрсетуі, Қарыз алушының дербес деректерін жинау және өңдеу қажеттілігімен ұштасатындығымен келіседі. Осыған байланысты, Қарыз алушы Ломбардқа дербес деректерді, жинауға, өңдеуге сөзсіз жазбаша келісім береді, яғни ломбардқа оның қызметі процесінде және/немесе шарт шеңберінде туындаған (туындайтын) Тараптар арасындағы азаматтық-құқықтық және өзге де қатынастар шеңберінде белгілі болған немесе белгілі болатын Қарыз алушыға қатысты электронды, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште болатын барлық ақпараттарды.

Тараптар қол жеткізген келісімдерді және Ломбардтың "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" заң талаптарын сақтаған жағдайда, Қарыз алушы дербес деректерді жинауға және өңдеуге қатысты Ломбардқа қандай да бір талаптардың болмайтынын растайды.

11.3. Қарыз алушы, Ломбардпен ақпаратты беру туралы шарт жасасқан кредиттік бюроға Қарыз алушы туралы ақпарат беруге, кредиттік есепті алушыға және ішкі істер органдарына кредиттік есепті беруге және кредиттік бюродан кредиттік есепті, оның ішінде болашақта келіп түсетін деректерді Ломбардқа және ішкі істер органдарына беруге сөзсіз келісім береді.

11.4. Қолданылатын құқықпен айрықша соттылық белгіленген Тараптар арасындағы даулар мен келіспеушіліктерді кепіл нысанының орналасқан жері бойынша соттар қарайды. Тараптар арасындағы барлық басқа даулар мен келіспеушіліктерді Шымкент қаласының соттары<sup>1</sup>, оның ішінде қазақстандық мамандандырылған төрелік сотта шарттық соттылық үшін қолданылатын құқықта белгіленген тәртіппен қарайды.

11.5. Ломбард пен Қарыз алушы Шартта Ломбард пен Қарыз алушы өз мүдделерін негізге ала отырып, өзгерткісі немесе жойғысы келетін қандай да бір шарттар жоқ екенін растайды, сондай-ақ Шарт жасасқан кезде олардың әрқайсысы өз еркімен және өз мүддесінде әрекет ететінін растайды.

11.6. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын ескере отырып, мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды.

11.7. Шарт және Кепіл билеті бірдей заңды күші бар 2 данада, Тараптардың әрқайсысы үшін бір данадан жасалады.

11.8. Шарттың қандай да бір талаптарының жарамсыздығы басқа Шарттардың жарамсыздығына әкеп соқпайды.

---

<sup>1</sup> Кепіл ұстаушы филиалдардың істерін қарау бойынша соттылық, филиалдардың өзімен анықталады

*с изменениями и дополнениями №1 (Приказ №107 от 18.10.2024 г.)*

## **Договор о предоставлении микрокредита и залоге вещей по продукту «Standard»**

### **1. Заключение Договора**

1.1. Настоящий Договор о предоставлении микрокредита и залоге вещей по продукту «Standard» является договором присоединения, заключаемым в порядке, предусмотренном статьей 389 Гражданского кодекса Республики Казахстан, условия которого определены данной стандартной формой (далее – Договор) и регулируют отношения между Товариществом с ограниченной ответственностью «Ломбард «GoldFinMarket», его филиалы/подразделения (далее – Ломбард) и Заемщиком, являющимся также Залогодателем (далее – Заемщик и/или Залогодатель).

1.2. Договор заключается путем подписания Залогового билета (далее – Залоговый билет) приложение №1 к Договору, между Ломбардом и Заемщиком/Залогодателем.

1.3. Условия Договора едины для всех Заемщиков, физических лиц, подавших заявление в Ломбард на получение микрокредита и могут быть приняты Заемщиком не иначе как путем присоединения к Договору в целом, в полном объеме, с чем Заемщик безусловно согласен. Принятие Заемщиком условий (присоединение к Договору) выражается путем подписания Заемщиком и подачи Залогового билета, приема его Ломбардом – после чего настоящий Договор, безусловно, считается заключенным между Ломбардом и Заемщиком/Залогодателем.

1.4. Заемщик не может ссылаться на отсутствие своей подписи на Договоре как на доказательство того, что Договор не был им прочитан/понят/принят, если у Ломбарда имеется Залоговый билет, подписанный Заемщиком с отсылкой на Договор.

1.5. Настоящий Договор, изменения в него и/или измененные редакции настоящего Договора размещаются на официальном веб-сайте Ломбарда в сети Интернет по адресу: [www.lombard-gfm.kz](http://www.lombard-gfm.kz)

1.6. Все приложения к Договору, Залоговые билеты и приложения к ним, принятые Ломбардом, являются неотъемлемой частью Договора и документами, подтверждающими факт заключения Договора и составляют единый документ.

### **2. Общие условия договора**

2.1. Датой заключения Договора является дата подписания Сторонами Залогового билета.

2.2. Ломбард – Товарищество с ограниченной ответственностью «Ломбард «GoldFinMarket» (ТОО «Ломбард «GFM»), БИН: 230140025888.

2.3. Заемщик/Залогодатель - физическое лицо, заключившее с Ломбардом Договор, получившее микрокредит под залог движимого имущества, предназначенного для личного пользования, одновременно, являющееся Залогодателем по Договору и принимающее на себя обязательства по возврату полученных денег, в том числе вознаграждения и других платежей по микрокредиту. Ф.И.О, ИИН, данные документа, удостоверяющего личность Заемщика/Залогодателя, указываются в Залоговом билете.

2.4. Сумма микрокредита (предмет микрокредита), сумма переплаты по микрокредиту, сведения о цели использования микрокредита (при наличии) определяются Ломбардом на основании Залогового билета указанные Заемщиком.

2.5. Срок погашения микрокредита определяется в Залоговом билете Заемщика.

2.6. Размер ставки вознаграждения по микрокредиту, а также размер годовой эффективной ставки вознаграждения (реальной стоимости микрокредита), рассчитываются на дату заключения Договора и определяются в Залоговом билете Заемщика.



2.7. Способ погашения микрокредита: единовременно либо частями, наличными деньгами – через кассу отделений Ломбарда либо посредством электронных терминалов, при безналичном способе перечислением на реквизиты банковского счета указанных в Залоговом билете.

При безналичном способе перечислением на банковские счета Ломбарда, датой платежа по Договору считается дата поступления денег на счет Ломбарда. Если деньги поступили на счет Ломбарда до 18.00 часов по времени города Астана, с понедельника по пятницу, кроме праздничных дней, то такой платеж считается совершенным Заемщиком в текущий день.

Если платеж по Договору поступит на счет Ломбарда после 18.00 часов по времени города Астана, такой платеж будет признаваться совершенным на следующий рабочий день.

2.8. Метод погашения микрокредита: аннуитетный, дифференцированный метод или гибкий метод погашения, определяется на основании Залогового билета выбранный Заемщиком.

2.9. Размер неустойки (штрафа, пени) за нарушение обязательства по возврату суммы микрокредита и (или) уплате вознаграждения по Договору не может превышать 0,5 (ноль целых пять десятых) % от суммы неисполненного обязательства за каждый день просрочки.

2.10. Сумма произведенного Заемщиком платежа по Договору, в случае, если она недостаточна для исполнения обязательства Заемщика по Договору, направляется на погашение задолженности Заемщика в следующей очередности: 1) издержки Ломбарда по получению исполнения; 2) неустойка (штраф, пеня) в размере, определенном Договором; 3) задолженность по вознаграждению; 4) задолженность по основному долгу; 5) вознаграждение, начисленное за текущий период платежей; 6) сумма основного долга за текущий период платежей.

2.11. Заемщик предоставляет принадлежащее ему на праве собственности движимое имущество (далее – Предмет залога), не запрещенное законодательством Республики Казахстан для принятия в качестве залогового обеспечения для своевременного исполнения обязательств по возврату микрокредита в соответствии с Договором, вознаграждения по микрокредиту, возмещению издержек и других расходов Ломбарда, а также во исполнение иных обязательств.

2.12. Меры, принимаемые Ломбардом при неисполнении либо ненадлежащем исполнении Заемщиком обязательств по Договору:

- проведение внесудебной реализации залогового имущества через 30 (тридцать) календарных дней после дня истечения срока погашения микрокредита;
- взыскание залогового имущества в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан;
- принятие иных мер, предусмотренных законодательством Республики Казахстан и/или настоящим Договором.

2.13. Срок действия Договора. Договор вступает в силу с момента подписания Сторонами Залогового билета Заемщика и действует до полного исполнения сторонами, принятых на себя обязательств.

2.14. Заемщик вправе в течении 15 (пятнадцати) календарных дней с даты получения решения Ломбарда об отказе в изменении условий Договора, или при недостижении взаимоприемлемого решения об изменении условий Договора обратиться в Уполномоченный орган по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций с одновременным уведомлением Ломбарда.

2.15. Почтовый адрес Ломбарда: 160000, Республика Казахстан, г. Шымкент, Енбекшинский район, ул. Шаяхметова, строение 3/2;

2.16. Электронная почта Ломбарда: [info@gfm.kz](mailto:info@gfm.kz);

2.17. Официальный интернет-ресурс Ломбарда: [www.lombard-gfm.kz](http://www.lombard-gfm.kz);

2.18. Адрес места регистрации либо места жительства Заемщика.

2.19. При уступке Ломбардом права (требования) по Договору третьему лицу требования и ограничения, предъявляемые законодательством Республики Казахстан к взаимоотношениям кредитора с Заемщиком в рамках Договора, распространяются на правоотношения Заемщика с третьим лицом, которому уступлено право (требование).

### **3. Права Заемщика**

3.1. Ознакомиться с Правилами предоставления микрокредитов, тарифами Ломбарда по

предоставлению микрокредитов.

3.2. Распоряжаться полученным микрокредитом в порядке и на условиях, установленных Договором.

3.3. Досрочно полностью или частично вернуть Ломбарду сумму микрокредита, предоставленную по Договору, без оплаты неустойки (штрафа, пени) за досрочное или частичное погашение микрокредита.

3.4. В случае, если дата погашения основного долга и (или) вознаграждения выпадает на выходной либо праздничный день, произвести оплату основного долга и (или) вознаграждения в следующий за ним рабочий день без уплаты неустойки (штрафа, пени).

3.5. Посетить Ломбард в течение 30 (тридцати) календарных дней с даты наступления просрочки исполнения обязательства по Договору и (или) представить в письменной форме либо способом, предусмотренным Договором, заявление, содержащее сведения о причинах возникновения просрочки исполнения обязательства по Договору, доходах и других подтвержденных обстоятельствах (фактах), которые обуславливают заявление Заемщика о внесении изменений в условия Договора в том числе связанных с:

- изменением в сторону уменьшения ставки вознаграждения по Договору;
- отсрочкой платежа по основному долгу и (или) вознаграждению;
- изменением метода погашения задолженности или очередности погашения задолженности, в том числе с погашением основного долга в приоритетном порядке;
- изменением срока микрокредита;
- прощением просроченного основного долга и (или) вознаграждения, отменой неустойки (штрафа, пени) по микрокредиту;
- представлением отступного взамен исполнения обязательства по Договору путем передачи Ломбарду заложенного имущества.

3.6. Обратиться в Уполномоченный орган по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций с одновременным уведомлением Ломбарда в течение 15 (пятнадцати) календарных дней с даты получения решения Ломбарда, об отказе в изменении условий Договора, или при недостижении взаимоприемлемого решения об изменении условий Договора.

3.7. Обратиться к банковскому омбудсману в случае уступки Ломбардом права (требования) по Договору, заключенному с Заемщиком, для урегулирования разногласий с лицом, указанным в пунктах 4 и 5 статьи 9-1 Закона Республики Казахстан «О микрофинансовой деятельности» (далее – Закон).

3.8. Письменно обратиться в Ломбард при возникновении спорных ситуаций по получаемым услугам.

3.9. Защищать свои права в порядке, установленном законами Республики Казахстан.

3.10. Осуществлять иные права, предусмотренные законодательством Республики Казахстан и Договором.

#### **4. Права Ломбарда**

4.1. Изменять условия Договора в одностороннем порядке в сторону их улучшения для Заемщика.

4.2. Требовать досрочного возврата суммы микрокредита и вознаграждения по нему при нарушении Заемщиком срока, установленного для возврата очередной части микрокредита и (или) выплаты вознаграждения, более чем на 40 (сорок) календарных дней.

4.3. Взыскивать задолженность по микрокредиту на основании исполнительной надписи.

4.4. Без согласия Заемщика уступить право (требование) по Договору, указанному в [пунктах 4 и 5 статьи 9-1](#) Закона.

4.5. Производить в помещениях Ломбарда фото и видеофиксацию Заемщика, его документов, включая документы, удостоверяющие личность, залоговое обеспечение, правоустанавливающие документы на залоговое обеспечение (при наличии), для осуществления сбора и обработки персональных данных Заемщика, а также для оформления микрокредита и формирования кредитного досье.

4.6. Осуществлять иные права, предусмотренные законодательством Республики Казахстан и настоящим Договором.

## **5. Обязанности Заемщика**

5.1. Возвратить полученный микрокредит и выплатить вознаграждение по нему в сроки и порядке, которые установлены Залоговым Билетом.

5.2. Представлять документы и сведения, запрашиваемые Ломбардом в соответствии с Законом.

5.3. Исполнить финансовые обязательства перед Ломбардом по Договору в первоочередном порядке по отношению ко всем другим финансовым обязательствам.

5.4. Возмещать Ломбарду издержки по возврату суммы микрокредита.

5.5. Письменно уведомить Ломбард об изменении фамилии, имени, отчества (если оно указано в документе, удостоверяющем личность), документов, удостоверяющих личность, места жительства, юридического адреса, работы, номера телефона, адреса электронной почты указанных в Залоговом билете заблаговременно или в течении 5 (пяти) календарных дней после изменений.

5.6. Выполнять иные требования, установленные Законом, иным законодательством Республики Казахстан и Договорами, заключенными с Ломбардом.

## **6. Обязанности Ломбарда**

6.1. Уведомить Заемщика (или его уполномоченного представителя) при заключении договора, содержащего условия перехода права (требования) Ломбарда по Договору третьему лицу (далее - договор уступки права требования):

- до заключения договора уступки права требования о возможности перехода прав (требований) третьему лицу, а также об обработке персональных данных Заемщика в связи с такой уступкой способом, предусмотренным настоящим Договором, либо не противоречащим законодательству Республики Казахстан;

- о переходе права (требования) третьему лицу способом, предусмотренным настоящим Договором, либо не противоречащим законодательству Республики Казахстан, в течение 30 (тридцати) календарных дней со дня заключения договора уступки права требования с указанием назначения дальнейших платежей по погашению микрокредита третьему лицу (наименование и место нахождения лица, которому перешло право (требование) по договору), полного объема переданных прав (требований), а также остатков просроченных и текущих сумм основного долга, вознаграждения, неустойки (штрафа, пени) и других подлежащих уплате сумм.

6.2. Уведомить Заемщика способом и в сроки, предусмотренными в Договоре, но не позднее 10 (десяти) календарных дней, с даты наступления просрочки:

- о возникновении просрочки по исполнению обязательства по Договору и необходимости внесения платежей с указанием размера просроченной задолженности на дату, указанную в уведомлении;

- о праве Заемщика по Договору обратиться в Ломбард;

- о последствиях невыполнения Заемщиком своих обязательств по Договору.

Уведомление считается доставленным, если оно направлено Заемщику одним из следующих способов, предусмотренных Договором а также через объекты информатизации:

- на адрес электронной почты, указанный в Договоре;

- по месту жительства, указанному в Договоре, заказным письмом с уведомлением о его вручении, в том числе получено одним из совершеннолетних членов семьи, проживающим по указанному адресу;

- с использованием иных средств связи, обеспечивающих фиксирование доставки;

6.3. Рассмотреть в течение 15 (пятнадцати) календарных дней после дня получения заявления Заемщика предложенных изменений в условия Договора и сообщение Заемщику в письменной форме либо способом, предусмотренным Договором о (об):

- согласии с предложенными изменениями в условия Договора;

- своих предложениях по урегулированию задолженности;

- отказе в изменении условий Договора с указанием мотивированного обоснования причин отказа.

6.4. Уведомить заемщика об изменении условий Договора при применении Ломбардом улучшающих условий в порядке, предусмотренном в Договоре.

6.5. Приложить к Договору подписанный сторонами График погашения микрокредита.

6.6. Соблюдать тайну предоставления микрокредита.

6.7. Соблюдать иные требования, установленные законодательством Республики Казахстан.

## **7. Ограничения для Ломбарда**

7.1. Изменять в одностороннем порядке ставки вознаграждения (за исключением случаев их снижения) и (или) способ и метод погашения микрокредита.

7.2. Устанавливать и взимать с Заемщика любые платежи, за исключением вознаграждения и неустойки (штрафа, пени) по микрокредиту.

7.3. Требовать от Заемщика досрочно полностью или частично возвратившего Ломбарду сумму микрокредита, неустойки (штрафа, пени) и другие платежи за досрочный возврат микрокредита.

7.4. Увеличивать суммы микрокредита по Договору.

7.5. Взимать неустойку (штраф, пеню) если дата погашения основного долга и (или) вознаграждения выпадает на выходной либо праздничный день, и основного долга и (или) уплата вознаграждения производится в следующий за ним рабочий день.

7.6. Индексировать обязательства и платежи по Договору, выданного в тенге, с привязкой к любому валютному эквиваленту.

7.7. Подавать нотариусу заявления о совершении исполнительной надписи для взыскания задолженности по Договору не по территории деятельности нотариуса в соответствии с указанным в Договоре адресом заемщика.

## **8. Ответственность сторон за нарушение обязательств**

8.1. За неисполнение или ненадлежащее исполнение своих обязательств по настоящему Договору виновная Сторона возмещает все убытки, возникшие, в связи с этим нарушением и самостоятельно несет ответственность в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

8.2. Помимо пени, Ломбард вправе требовать от Заемщика возмещения в полном объеме всех понесенных расходов и/или причиненных убытков, вызванных неисполнением и/или ненадлежащим исполнением Заемщиком обязательств по настоящему Договору.

8.3. В случае смерти Заемщика обязательства по настоящему Договору переходят к его наследнику (наследникам) в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

8.4. Меры ответственности, не предусмотренные условиями настоящего Договора, определяются в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

8.5. Уплата Сторонами пени не освобождает их от полного и надлежащего исполнения своих обязательств по настоящему Договору.

## **9. Порядок внесения изменений в условия договора**

9.1. Ломбард вправе вносить в Договор изменения и дополнения, которые вводятся в действие со дня опубликования на сайте Ломбарда, если в них не будет предусмотрено иное.

9.2. При изменении условий микрокредита, влекущих изменение суммы (размера) денежных обязательств Заемщика и (или) срока их уплаты, Ломбард составляет дополнительное соглашение и выдает Заемщику новый график погашения микрокредита с учетом новых условий.

9.3. При изменении состава залогового обеспечения, Ломбард составляет дополнительное соглашение с учетом новых условий.

9.4. Досрочное частичное/полное погашение микрокредита, производится через отделения Ломбарда, в котором Заемщику был предоставлен микрокредит, при условии полной оплаты вознаграждения, причитающегося Ломбарду на дату погашения микрокредита по Залоговому

билету и при предъявлении Заемщиком оригинала документа, удостоверяющего личность.

9.5. Частичный/полный выкуп залогового обеспечения по микрокредиту, производится через отделения Ломбарда, в котором Заемщику был предоставлен микрокредит, при предъявлении оригинала документа, удостоверяющего личность. Частичный выкуп осуществляется при условии полной оплаты вознаграждения, причитающегося Ломбарду на дату проведения частичного выкупа по микрокредиту. При частичном выкупе Заемщик погашает сумму основного долга, предоставленную под залог выкупаемого залогового обеспечения.

9.6. Односторонний отказ от исполнения настоящего Договора, Залогового билета и одностороннее изменение и/или дополнение настоящего Договора, Залогового билета не допускается.

## 10. Предмет Залога

10.1. Предмет залога с подробным описанием и согласованной с Залогодателем оценочной стоимостью указаны в Залоговом билете Заемщика и остается у Ломбарда.

10.2. Залогодатель гарантирует и несет ответственность, что Предмет залога:

- является личным имуществом Залогодателя;
- не находится под арестом, не является предметом исков третьих лиц, не украдено, не находится в розыске.

10.3. Залогодатель дает согласие на внесудебную реализацию предмета залога, обеспечивающего обязательства по Залоговому билету.

10.4. Залогодатель обязан:

- передать на хранение Ломбарду Предмета залога;
- немедленно предъявить Ломбарду любое распоряжение, указание, письменное требование, либо любой другой документ, который касается или может коснуться Предмета залога, и вручен Залогодателю какой-либо третьей стороной;

- соблюдать все обязательства, касающиеся Предмета залога или любой его части, предъявлять Залогодержателю по первому требованию подтверждения их выполнения и соблюдения;

- не допускать посягательств на Предмет залога со стороны третьих лиц и принимать соответствующие меры к предупреждению и прекращению таких посягательств;

- предоставить равноценное имущество, в срок не позднее 5 (пяти) календарных дней, в случае выемки Предмета залога в соответствии с законодательством Республики Казахстан, с момента изъятия;

- в беспорядном порядке возместить Ломбарду ущерб, возникший в результате изъятия и/или выемки Предмета залога государственными, в том числе правоохранительными и иными органами;

10.5. Залогодатель вправе:

- прекратить обращение взыскания на Предмет залога во внесудебном порядке в любое время до его реализации посредством исполнения, обеспеченного залогом обязательства;

10.6. Ломбард имеет право:

- требовать от Залогодателя принятия мер, необходимых для сохранности Предмета залога;

- требовать от любого лица (в том числе и от Залогодателя) прекращения любого посягательства на Предмет залога, угрожающего его утратой или повреждением;

- случае неисполнения или ненадлежащего исполнения, обеспеченного залогом обязательства по возврату основного долга и вознаграждения по нему, а также при наступлении иных случаев неисполнения или ненадлежащего исполнения Залогодателем своих обязательств по Договору удовлетворить свои требования путем самостоятельной внесудебной реализации Предмета залога.

- реализовать и (или) перевести в собственность Ломбарда предмет залога по Залоговому билету, без проведения торгов не ранее одного месяца после истечения срока погашения микрокредита.

10.7. Ломбард обязан:

- сохранить Предмет залога в том виде, в каком он был передан ему на хранение Залогодателем, до полного выполнения им всех обязательств.
- немедленно возвратить Предмет залога Залогодателю после выполнения им своих обязательств перед Ломбардом.
- нести ответственность за утрату и повреждение заложенных вещей, если не докажет, что утрата или повреждение произошли вследствие непреодолимой силы.

## **11. Дополнительные Условия**

11.1. Наряду с условиями, предусмотренными Договором, при их исполнении Стороны руководствуются законодательством Республики Казахстан.

11.2. В соответствии с Законом Республики Казахстан «О персональных данных и их защите», Законом Республики Казахстан «О противодействии легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, и финансированию терроризма» и иными законодательными актами Республики Казахстан, Заемщик соглашается с тем, что оказание Ломбардом услуг сопряжено с необходимостью сбора и обработки персональных данных Заемщика, в связи с чем, Заемщик предоставляет Ломбарду безусловное письменное согласие на сбор и обработку персональных данных, то есть всех сведений, относящихся к Заемщику и зафиксированных на электронном, бумажном и (или) ином материальном носителе, которые будут или стали известны Ломбарду в процессе его деятельности и/или в рамках гражданско-правовых и иных отношений между Сторонами, возникших (возникающих) в рамках Договора.

Заемщик подтверждает, что каких-либо претензий к Ломбарду касательно сбора и обработки персональных данных в дальнейшем иметь не будет, при условии соблюдения Ломбардом требований Закона «О персональных данных и их защите» и/или достигнутых Сторонами договоренностей.

11.3. Заёмщик дает безусловное согласие Ломбарду на предоставление информации о Заемщике кредитному бюро, с которым у Ломбарда заключен договор о предоставлении информации, выдачу кредитного отчета получателю кредитного отчета и в органы внутренних дел, и выдачу кредитного отчета из кредитного бюро, включая данные, которые поступят в будущем, Ломбарду и органам внутренних дел.

11.4. Споры и разногласия между Сторонами, для которых применимым правом установлена исключительная подсудность, рассматриваются судами по месту нахождения Предмета залога. Все остальные споры и разногласия между Сторонами рассматриваются судами города Шымкент<sup>2</sup>, в том числе в Казахстанском Специализированном Арбитражном Суде в порядке, установленном применимым правом для договорной подсудности.

11.5. Ломбард и Заемщик подтверждают, что Договор не содержит какие-либо условия, которые Ломбард и Заемщик, исходя из своих интересов, хотели бы изменить или аннулировать, а также подтверждают, что при заключении Договора каждый из них действует своей волей и в своем интересе.

11.6. Договор составлен на государственном и русском языках с учетом требований законодательства Республики Казахстан.

11.7. Договор и Залоговый билет составляется в 2-х экземплярах, имеющих одинаковую юридическую силу, по одному экземпляру для каждой из сторон.

11.8. Недействительность какого-либо условия Договора не влечет за собой недействительность прочих условий.

---

<sup>2</sup> Подсудность рассмотрения дел филиалов Залогодержателя определяется самими филиалами.